



Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 876 қаулысы

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 28 тамыздағы
№ 876 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.10.2014 N 1098 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р/с №	Объектілердің атауы
1	2
1. Аса маңызды мемлекеттік объектілер	
1	Орталық атқарушы мемлекеттік органдардың, арнаулы, құқық қорғау органдарының, олардың құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың әкімшілік ғимараттары мен объектілері
2	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің объектілері, оның филиалдары мен қоймалары
2. Стратегиялық объектілер	
3	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі ішкі істер органдарының бөлімшелерімен бірлесіп күзететін, Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін тізбеге енгізілген Қазақстан Республикасының объектілері, сондай-ақ мемлекеттік маңызы бар объектілер
4	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери бөлімдері

5	Мемлекеттік материалдық резервтері бар объектілер (медициналық препараттарды, жанар-жағармай материалдарын сақтау қоймалары, азық-түлік және киім-кешек қоймалары)
6	Ауыр қылмыс жасауға күдікті адамдарды стационарлық сот-психиатриялық сараптамадан өткізу және зерттеу жөніндегі мемлекеттік ұйым
7	Ғарыш инфрақұрылымының объектілері
8	Тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілері, оның ішінде мынадай салада: жылумен жабдықтау – жылу электр орталықтары (50 Гкал жоғары); ауыз сумен жабдықтау – су жинақтау құрылыстары
9	Отын-энергетикалық пайдалы қазбаларды өндірумен және өңдеумен байланысты объектілер, химия өнеркәсібінің объектілері
10	Су шаруашылығы объектілері (гидротехникалық құрылыстар: гидротораптар, шлюздер, бөгеттер; су ресурстарын басқару үшін пайдаланылатын су қоймалары)
11	Республикалық маңызы бар байланыс, теле- және радиохабарларын тарату объектілері
3. Қауіпті өндірістік объектілер	
12	Аса қауіпті, бактериологиялық, биологиялық, химиялық, есірткі құралдарын және прекурсорларды әзірлеу, өндіру, сынақтан өткізу, зерттеу және сақтау жөніндегі мемлекеттік ұйымдардың және мекемелердің объектілері
13	Заңды тұлғалардың жарылғыш және улы заттарды сақтау жөніндегі объектілері
14	Атом энергиясын пайдалану объектілері
4. Адамдар көп жиналатын объектілер	
15	500 және одан да көп шаршы метр сауда алаңы бар сауда объектілері
16	100 және одан да көп отырғызу орындары бар қоғамдық тамақтану объектілері
17	Бір мезгілде 200 және одан да көп адамның болу мүмкіндігі бар іргелес ашық аумағын қоса есептегенде, көп адамдардың келуіне арналған немесе дайындалған концерт залдары
18	Бір мезгілде 200 және одан да көп адамның болу мүмкіндігі бар іргелес ашық аумағын қоса есептегенде, көп адамдардың келуіне арналған немесе дайындалған спорт құрылыстары
19	Бір мезгілде 200 және одан да көп адамның болу мүмкіндігі бар іргелес ашық аумағын қоса есептегенде, көп адамдардың келуіне арналған немесе дайындалған ойын-сауық құрылыстары
20	Бір мезгілде 200 және одан да көп адамның болу мүмкіндігі бар іргелес ашық аумағын қоса есептегенде, көп адамдардың келуіне арналған немесе дайындалған көлік құрылыстары (вокзалдар, бекеттер, порттар, аэродромдар, әуежайлар)
21	Өзге де бұқаралық ғимараттар – ғибадат үйлері (құрылыстары), мемлекеттік органдардың, ведомстволық бағынысты ұйымдардың, мемлекеттік қызмет көрсететін өзге де жеке және заңды тұлғалардың объектілері, пошта желісі мен бір мезгілде 200 және одан да көп адамның болу мүмкіндігі бар байланыс қызметтерін пайдаланушыларға қызмет көрсету объектілері

Бір мезгілде 200 және одан да көп адамның болу мүмкіндігі бар іргелес ашық аумағын

	қоса есептегенде, көп адамдардың келуіне арналған немесе дайындалған білім беру ұйымдары
23	Бір мезгілде 200 және одан да көп адамның болу мүмкіндігі бар іргелес ашық аумағын қоса есептегенде көп адамдардың келуіне арналған немесе дайындалған денсаулық сақтау ұйымдары
24	Бір мезгілде 200 және одан да көп адамның болу мүмкіндігі бар іргелес ашық аумағын қоса есептегенде, көп адамдардың келуіне арналған немесе дайындалған туристерді орналастыру орындары (қонақ үйлер, мотельдер, кемпингтер, туристік базалар, қонақжайлар, демалыс үйлері, пансионаттар және туристердің тұруы мен оларға қызмет көрсету үшін пайдаланылатын басқа да ғимараттар мен құрылыстар